Астана қаласы әкімдігінің
"№73 мектеп-лицей"
шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорны
Тел : +7 (7172) 49-20-97
E-mail:lyceum073@mail.ru

Государственное коммунальное
предприятие на праве
хозяйственного ведения
"Школа-лицей №73" акимата
города Астана
Тел : +7 (7172) 49-20-97
E-mail: lyceum073@mail.ru

БҰЙРЫҚ
«2026 жылғы 30 наурыз»
Астана қаласы

ПРИКАЗ
№ 106
город Астана

Асхананың ыдыс жуу бөліміне желдету үшін сорғыштарды дайындау және орнату бойынша жұмыстарын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру туралы

«Астана қаласы Сарайшық ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ тарапынан санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беруден бас тартылуына байланысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 және № ҚР ДСМ-16 бұйрықтарында (3-тарау, 43-тармақ, 3-тармақша) көрсетілген талаптарды шұғыл түрде орындау мақсатында, директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары А.А. Рысбектің қызметтік жазбасын негізге ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп асханасының ыдыс жуу бөліміндегі ылғал көздерінің үстіне 2 (екі) дана жергілікті сорғыш қолшатырларды Мектеп асханасын желдету үшін сорғыштарды дайындау және орнату бойынша жұмыстарын сатып алуды ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.
2. Жұмыстарды сатып алу тәсілі ретінде «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасы (тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден) белгіленсін. Бұл таңдау мемлекеттік бақылау органының ескертулерін дереу жою қажеттілігімен негізделсін.
3. А.А. Рысбекке (директордың орынбасары): Нарыққа мониторинг жүргізу арқылы баға, сапа және жұмысты орындау жылдамдығы бойынша ең тиімді өнім берушіні анықтау тапсырылсын.
4. Е.А. Нокинге (мемлекеттік сатып алу бойынша менеджері): Таңдалған өнім берушімен мемлекеттік сатып алу порталы арқылы заңнамаға сәйкес тиісті шартты рәсімдеу және барлық рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз ету тапсырылсын.

5. С.К. Турусмановаға (бас бухгалтер): Аталған сатып алуды қаржыландыруды қарастырып, шарт бойынша төлемдерді бекітілген кестеге сәйкес жүргізуді қамтамасыз етсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор **Г.З.Калтаева**

АСТАНА ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ
«№ 73 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ
КӘСІПОРНЫ
Шығыс № 15
2026 ж. «30» наурыз

ТІКЕЛЕЙ ШАРТ ЖАСАСУ АРҚЫЛЫ БІР КӨЗДЕН АЛУ ТӘСІЛІМЕН МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ

Астана қаласы **2026 жылғы 30 наурыз**

Астана қаласы әкімдігінің «№ 73 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) директоры Г.З. Қалтаева, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫМ:**

1. Мектеп асханасындағы санитариялық-эпидемиологиялық нормалардың бұзылуын (ыдыс жуу бөлімінде жергілікті сорғыш қолшатырлардың болмауы) шұғыл түрде жою мақсатында, жергілікті сорғыш қолшатырларды орнатумен бірге сатып алу пікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден алу тәсілімен жүзеге асырылсын.
2. Сатып алудың негіздемесі: «Астана қаласы Сарайшық ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ тарапынан берілген бас тарту хаты және ҚР ДСМ-16 бұйрығының (3-тарау, 43-тармақ, 3-тармақша) талаптарын орындау қажеттілігі.
3. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт келесі өнім берушімен жасалсын:
   - **Өнім берушінің атауы:** ИП «Касенов»
   - **БСН / ЖСН:** 940201301511
   - **Шарттың жалпы сомасы:** 375 000 теңге ҚҚСсыз.
4. Мемлекеттік сатып алу туралы шартта тауардың (жұмыстың) сапасы, техникалық сипаттамаларға сәйкестігі және орнатудың қысқа мерзімділігі туралы талаптар көрсетілсін.
5. Мектептің бас менеджері Е.А. Нокинге мемлекеттік сатып алу порталында (goszakup.gov.kz) тиісті шартты рәсімдеу және заңнамада белгіленген мерзімде жариялау тапсырылсын.
6. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор **Калтаева Г.З.**